

2021 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 20 қаңтардағы № 8 қаулысы.
Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 қаңтарда № 7100 болып тіркелді

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8-бабына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылғы тоқсандарға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің

2021 жылғы 20 қаңтардағы

№ 8 қаулысына

қосымша

2021 жылға арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

P/c №	Тауардың атауы	Есепке сәйкес бөлшек сауда бағаларының шекті мәні, теңге			
		1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	136	142	135	140
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	173	171	167	175
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	287	290	288	298
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	396	394	403	446
5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	309	325	329	314
6	Картоп, килограмм	80	95	71	73
7	Асханалық сәбіз, килограмм	89	111	84	81
8	Басты пияз, килограмм	85	103	66	74
9	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	96	74	90	83
10	Ақ қант – құмшекер, килограмм	233	248	233	248
11	Күнбағыс майы, литр	474	472	480	531
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	1826	1838	1839	1815
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	920	942	933	962
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5%, жұмсақ қаптамада, литр				
15	Майлылығы 2,5% айран, жұмсақ қаптамада, литр	238	237	233	238
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	2531	2533	2484	2574
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты), ондаған	308	282	319	357
18	Ас тұзы ("Экстра" -дан басқа), килограмм	52	52	52	52
19	Сүзбе: майлылығы 5-9%, килограмм	1251	1220	1208	1226